

Қаражал қалалық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы XX сессиясының № 189 "Қаражал қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болуы және жинақталу нормаларын, сондай-ақ тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2020 жылғы 10 ақпандағы № 362 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 ақпанда № 5704 болып тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 99 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 27.12.2023 № 99 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Қаражал қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қаражал қалалық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы XX сессиясының № 189 "Қаражал қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болуы және жинақталу нормаларын, сондай-ақ тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4585 нөмірімен тіркелген, 2018 жылғы 27 қаңтарда № 4 (889) "Қазыналы өңір" газетінде, 2018 жылы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1, 2-қосымшалары осы шешімге 1, 2 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихаттың хатшысы

Т. Касимов

З. Оспанова

Қаражал қалалық
мәслихатының
2020 жылғы 10 ақпаны
№ 362
шешіміне
1 қосымша

Қаражал қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

| № | Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер | Есептік бірлік | 1 есептік бірлікке жылдық норма, м ³ |
|----|---|--------------------------------|---|
| 1 | Жайлы және жайлы емес үйлер | 1 тұрғын | 1,64 |
| 2 | Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар | 1 орын | 1,05 |
| 3 | Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері | 1 орын | 0,83 |
| 4 | Балабақшалар, бөбекжайлар | 1 орын | 0,75 |
| 5 | Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері | 1 қызметкер | 1,30 |
| 6 | Емханалар | 1 келіп кету | 0,0062 |
| 7 | Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері | 1 төсек-орын | 1,20 |
| 8 | Мектептер және өзге де оқу орындары | 1 оқушы | 0,25 |
| 9 | Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері | 1 отыратын орын | 1,21 |
| 10 | Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы | 1 отыратын орын | 0,420 |
| 11 | Мұражайлар, көрмелер | Жалпы алаңы 1 м ² | 0,0043 |
| 12 | Стадиондар, спорт алаңдары | Жоба бойынша 1 орын | 0,045 |
| 13 | Спорт, би және ойын залдары | Жалпы алаңы 1 м ² | 0,08 |
| 14 | Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер | Сауда алаңы 1 м ² | 1,250 |
| 15 | Машиналардан сату | Сауда орнының 1 м ² | 0,320 |
| | | | |

| | | | |
|----|--|------------------------------|-------|
| 16 | Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер | Сауда алаңы 1 м ² | 0,46 |
| 17 | Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары | Жалпы алаңы 1 м ² | 0,4 |
| 18 | Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары | Жалпы алаңы 1 м ² | 0,38 |
| 19 | Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету | Жалпы алаңы 1 м ² | 0,8 |
| 20 | Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар | Жалпы алаңы 1 м ² | 0,38 |
| 21 | Жағажайлар | Жалпы алаңы 1 м ² | 0,74 |
| 22 | Дәріханалар | Сауда алаңы 1 м ² | 0,47 |
| 23 | Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар | 1 машина-орын | 0,55 |
| 24 | Автомобиль шеберханалары | 1 жұмысшы | 1,3 |
| 25 | Гараж кооперативтері | 1 гаражға | 0,35 |
| 26 | Шаштараздар, косметикалық салондар | 1 жұмыс орны | 0,37 |
| 27 | Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі | Жалпы алаңы 1 м ² | 0,4 |
| 28 | Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары | Жалпы алаңы 1 м ² | 0,15 |
| 29 | Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.) | 1 жұмыс орны | 0,37 |
| 30 | Моншалар, сауналар | Жалпы алаңы 1 м ² | 0,71 |
| 31 | Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар | 1000 қатысушы | 0,004 |
| 32 | Бау-бақша кооперативтері | 1 учаске | 1,73 |

Ескерту: м² - шаршы метр.

Қаражал қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері

| № р/р | Атауы | Есептік бірлік | 1 м ³ тарифі (ҚҚС) (теңге) | Қызметтер құны, теңге |
|-------|---|-----------------|---------------------------------------|-----------------------|
| 1. | Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тариф | | | |
| 1.1 | Жеке тұлғалар | 1 тұрғын/айына | 1355,6 | 185,3 |
| 1.2 | Заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлік субъектілері | 1м ³ | 1355,6 | 1355,6 |
| 2. | Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және әкетуге арналған тариф | | | |
| 2.1 | Жеке тұлғалар | 1 тұрғын/айына | 1035,7 | 141,5 |
| 2.2 | Заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлік субъектілері | 1м ³ | 1035,7 | 1035,7 |
| 3. | Қатты тұрмыстық қалдықтарды көмуге арналған тариф | | | |
| 3.1 | Жеке тұлғалар | 1м ³ | 319,9 | 319,9 |
| 3.2 | Заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлік субъектілері | 1м ³ | 319,9 | 319,9 |
| 4. | Қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жаратуға арналған тариф | 1м ³ | 0 | 0 |
| 5. | Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеуге арналған тариф | 1м ³ | 0 | 0 |

Ескерту: ҚҚС – қосылған құн салығы;
 м³ - текше метр.